

"Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 4-6/181 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 455 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2020 жылғы 6 қантарда № 19835 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1."Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 4-6/181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10618 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 сәуірде "Әдіlet" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабы 2-тармағына және "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабы 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік мекеме:

- 1) топыраққа агрохимиялық зерттеп-қарau жүргізу;
- 2) өсімдік шаруашылығы өнімдері мен өндөлген өнімдерінің сапасын бағалау;

3) жер участкерінің иелері мен жер пайдаланушылардың өтініші бойынша топырақтың құрамындағы макро-, микроэлементтерге, ауыр металдарға, су сорындысына қосымша зерттеп-қарau жүргізу;

4) сынақтан өткізу нәтижелері бойынша қорытынды бере отырып, аспаптар мен зертхана жабдығын, агрохимия саласындағы химиялық талдау әдістемелерін байқаудан өткізу;

5) топыраққа, өсімдік шаруашылығы өнімдері мен өнделген өнімдеріне химиялық талдау жүргізудің, тыңайтқыштар жүйесін жасаудың, жер участкерін пайдаланудың әдістері мен қағидалары жөнінде консультациялық қызметтер көрсету бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетеді.".

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

C. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК